

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru

@alatau.aqparat

МҰҢ МЕН ШЕР

КӨЗ ЖАСЫН КӨЛДЕТКЕН КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР



Айдың күннің аманында бес бірдей баласынан айырылған ата-ананың мұңы мен шерін тілмен айтып жеткізу қиын, әрине. Өзекті өртеп, өксікті ұлғайтқан тілсіз жауға, жағдайы келіспеген күн көріс қамымен көрінгеннің босағасын сығалап, қауіпті жерлерде өмір сүріп жатқан отбасылардың, оның ішінде көпбалалы жанұялардың жан-жарасын кім емдейді? Бір үйден бес баланың бақилық болуы, қазақстандықтардың қабырғасын қайыстырды.

Біздің қоғамда көп балалы отбасыларға жасалған жағдайдың қай дәрежеде екенін төтенше жағдай болмаса, Үкімет те, Министрлік те көзді жұмып жүре беретін бе еді. Қоғам дүрлігіп, аналар ұлардай шулағанда болары болып, бояуы сіңгенде, ұйқылы-ояу отырған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова селк етті. Себеп: қоғам дүрлікті. Осы біздің үкіметте, жергілікті билікте өздері біліп, елдің ахуалын шешкен емес. Міндетті түрде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев оларға бағдарлама жасап беріп, ауыздарына шайнап нан салып бергенде ғана қыбырлайды. Оның айғағы, Астанадағы Сарыарқа ауданында өрттен кейін Елбасы көпбалалы отбасыларды қолдайтын жұмыс тобын құруды үкіметке тапсырғанда ғана Әбілқасымова ханым мен оның сарбаздары көп балалы отбасылар жайлы толғана бастады. Неге олар Елбасыдан бұрын осындай ұсыныспен Үкіметке, Президентке шықпады. Өрт болмаса, бес бала отқа оранбаса, көп балалы аналар назардан тыс қала беруі керек пе? Қазақтың са-

нын көбейтіп жатқандарды қолдап, қорғаудың орнына неге қорлаймыз.

Жергілікті биліктегі әкім қаралар да көп балалы аналарға немқұрайлы қарады. «Баға алмайтын болсаңдар, баспаналарың жоқ болса, неге бала табасыңдар, біз заң аясынан аса алмаймыз», – дегеніне шулаған алтын алқа иелері бүкіл ақпарат құралдарына жүгінді. Бұл Алматы облысының Талдықорған қаласында болған көпбалалы аналардың өткен жылғы бас көтеріп, алтын алқаларынан бас тартпақ болған оқиға. Әлеуметтік жағдай болмаған жерде, азып-тозып, бала-шағаларын шұбыртып жүріп үй кезектерінің жылжымай, созбалаңға салынуы, «Құрқылтайдың ұясындай жерде, балапандарымен бірге түнеп, лайықты жәрдемақыға да қол жеткізе алмаған аналардың көңілдері әлі алаңдаулы. Соның бірі алты баланың анасы Гүлсім Әбілмажинова жергілікті биліктен көңілі суып, Елбасыдан көмек сұрап жүр.

Жалғасы 2-бетте.

«АЛАТАУ» – ӘРҚАШАН ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ



Халық арасында «Газет көбейіп кетті, оларды кім оқиды?» деген қате түсінік қалыптасқан. Интернет, теледидар толып жатқан заманауи ақпараттық технологиялар арқылы әлемдегі оқиғалардан сол сәтте-ақ хабардар бола алатын бүгінгі таңда халықты қызықтыру қиын дүние. Ал республика, облыс, тіпті, жергілікті жерлерде болған оқиғаларды дер кезінде оқырманға жеткізе біліп, қараша қауымның күйін күйттеген мақалаларды үнемі жариялайтын басылымға жазылу ешқашан тоқтамақ емес.

Газетке қажеттісі – сөз. Сөзі шұрайлы, айтары бар газетті халық іздеп жүріп оқиды. Қоғамдағы өттең-айларды, келеңсіз жағдайларды дөп басып, нысанаға дәл тиетін басылым әрқашан халықпен бірге. Осындай айтар ойларын бұқпаламай, барды бар, жоқты жоқ деп жазатын газет қатарына «Алатау» газетін жатқызар едім.

Өзіндік стилі қалыптасқан «Алатау» газеті тарихи танымдық, экономикалық бағыттағы, саяси, әлеуметтік материалдарды, сонымен қатар, қоғамдағы түрлі жағдайларды қалыс қалдырмаған. Бұл басылымның сөзі де, айтар ойы, мінезі де – нағыз қазақ. Себебі басылымда әдет-ғұрып, салт-дәстүр, айтыс, ұлттық әдебиет пен төл тарихымызға да тұрақты орын береді. Сондықтан да оқырман жүрегіне жол тауып отыр.

Оқырмандар жүрегінен орын алған «Алатау» басылымына жазылған әрбір оқырман рухани азық алары сөзсіз. «Алатауға» шығармашылық табыс, оқырмандарының молая беруін тілеймін. Барлықтарыңызды «Алатауға» жазылуға шақырамын.

Сара ТОҚТАМЫСОВА,
айтыскер ақын.

Жазыл да, ҰТЫП АЛ!



I орын
Смартфон Samsung
Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252



V орын
Блендер
Elenberg
NAT-9601E



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесіп отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Ескерту: ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.

АНДАТПА

АҚЫЛДЫ АЯЛДАМАНЫ
«АҚЫЛСЫЗ» ЕТКЕН КІМ?

4-бет

МӨРТЕБЕСІ ТӨМЕН
МҰҒАЛІМ

5-бет

ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ
ЖАРНАМАСЫЗ БОЛСЫН

7-бет

ӨТКЕН КҮНДЕР ЕЛЕСІ

13-бет

ҚАЛА ӘКІМІ Д. ШАЛТАБАЕВТЫҢ ТҰРҒЫНДАР АЛДЫНДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІН ТЫҢДАУ ҮШІН ӨНІР БАСШЫСЫ А. БАТАЛОВ АРНАЙЫ КЕЛДІ. СОНДАЙ-АҚ, ЕСЕПТИК КЕЗДЕСУГЕ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНАН БӨЛЕК, ОБЛЫСТЫҚ БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ БАҚ ӘКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Кездесу барысында Д. Шалтабаев тұрғындарға Елбасының Жолдауларында аталған міндеттерді орындауда жоспарлы түрде жүйелі жұмыс атқарылып жатқандығын жеткізді. «Жыл соңына дейін газ желісінің үшінші және төртінші кезеңінің құрылысы аяқталмақ. Қазір Еңбек, Ынтымақ ауылдарына және үшінші бөлімшеге құны 702 млн теңгеге газ құбырының құрылысы қарастырылуда», – деді қала әкімі. Онымен қоса тұрғын үй мәселелерінің де шешімін табатынын алға тартып, биыл Талдықорған қаласында 100 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетіндігін



ҚАЛА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

атап өтті. Және бір айта кетерлік жайт, үстіміздегі жылы «7-20-25» бағдарламасы аясында тұрғын үйлерді салу және 48 аулаға жөндеу жұмыстарын жүргізу басты міндеттердің қатарына енген.

«Биылғы жылы «Жастар» саябағы жанынан 570 орынды жабық жүзу бассейнінің құрылысы да жоспар бойынша бастау алуы тиіс. Сондай-ақ, 8-ші шағын ауданда жеңіл атлетикалық манеж салу үшін 2,9 га жер учаскесі бөлініп, қазір тиісті құжаттары дайындалуда. Бес жаңа тұрғын ауданды қамтитын 28 шақырым су құбыры жүйесінің құрылысы жалғасуда», – дейді қала әкімі.

Д. Шалтабаевтың сөзіне сүйенсек, өткен жылы 500 орынды 5 жекеменшік балабақша және 2 топ ашылған. Ал, биылғы жылы кәсіпкерлердің қатысуымен тағы 350 орынды мектепке дейінгі балаларды даярлау орталықтарын ашу жоспарланып отыр.

Есеп беру жиынына қатысқан қала тұрғындары түйткілді мәселелерін айтып, әкімге сауал жолдады. Халық шағымдарына құлақ асқан қала әкімі аталған проблемаларды басты назарға алатындығын жеткізді.

Қала тұрғындарының сауалынан кейін сөз алған облыс әкімі А. Бата-

лов өңірде жүзеге асқан жұмыстар жөнінде қысқаша баяндама жасады. Талдықорған қаласы жайлы ой-пікірімен бөлісіп, қала әкіміне бірқатар тапсырмаларды жүктеді. «Муниципалдық автобус паркін және таксопаркін құру жайлы үнемі айтамын, нәтижесі шамалы. Қаланың өндірістік аймағында қарқын байқалмайды. Тұрғын үйлердің аулаларына қатысты жұмыстар да мардымды емес. Осының барлығын назарыңа алуды тапсырамын. Біз де өз тарапымыздан қолдау көрсетеміз», – деді өз сөзінде А.Баталов.

Өз тілшіміз.

МҰҢ МЕН ШЕР

КӨЗ ЖАСЫН КӨМЕТКЕН КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Міне біздің қоғамдағы, жергілікті биліктегі шенді-шекпенділердің көп балалы аналарға деген құрметінің қандай деңгейде екенін көруге болады. Өздері біліп, өздері ұсыныс жасап, демеушілерді тартып, әлеуметтік тұрмысы өте нашар, әрі төрт-бес балалы отбасыларға лайықты баспана салдырып қолдаса, олар алғыс пен сауаптың астында қалар еді. Бірақ, олар «дайын асқа тік қасық» салып, «Бағдарлама аясында, заң шеңберінде ғана жұмыс жасаймыз», – дейді. Алайда, бұған көпбалалы аналар мен үй кезегінде ұзақ мерзімде кезекте тұрғандардың өз айтарлары бар. Олар: «Кезегіміз жылжымады, әкімдіктің табалдырығын тоздырып болдық», – дейді.

Міне, соның аяғы көрінгеннің босағасында жүріп, тілсіз жаудың құрбаны болған, Астана қаласы Сарыарқа ауданындағы бес өркеннің өртенуінен көруге болады. Тек

Астанада ғана емес, Солтүстік Қазақстан облысында баласын өрттен құтқармақ болған әке ажал құшты. Қызылорда облысында өрттен үш баласы қайтыс болған ананың жанайқайын қайда қоямыз. Бейбіт күнде аналар неге балаландарынан айрылып, аңырап жүр? 2014 жылы қараша айында Талдықорған қаласындағы Шығыс ауданында газ баллоны жарылып, 7 адам қайтыс болған-ды. Бесінші шағын ауданында да қауіпсіздік шаралары сақталмай адам шығыны орын алған. Құдай да «Сақтанғанды сақтаймын», – деген ғой Саяжайлар мен көрінгеннің босағасын жағалап жүргендер қауіпсіздікке көзді жұмып баратыны айдан анық қой. Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаментінің берген мәліметіне сүйенсек, өткен жылы 1699 өрт оқиғасы болса, оның 1165-і жеке тұрғын үй секторларында болыпты.

Айтақын МҰХАМАДИ.

ТІЛСІЗ ЖАУ

СЕБЕП ПЕН САЛДАР

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақстан Үкіметі жанынан еліміздің азаматтарының табысын арттыру және тұрмыс сапасын жақсарту, сондай-ақ көпбалалы отбасыларға қолдау шараларын күшейту жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

Астанада көпбалалы аналар шу шығарды. Көпбалалы аналар мемлекеттен аналарға берілетін жәрдемақы мөлшерін көбейтіп, кезексіз пәтер беру мәселесін көтерді.

Астанада бір үйдің бес қызының өлімінен соң көпшілік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мадина Әбілқасымованың қызметінен кетуін талап етті.

Көпбалалы отбасыларға арнайы пәтер сертификаттары берілуі мүмкін. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, елімізде 28 000 көпбалалы отбасы бар.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

• Франция мен Германия жаңа әскери ұшақтар жасау бағдарламасын жүзеге асыруды бастап, құны 65 миллион еуро болатын келісімге қол қойды. Жобаға сәйкес қос тарап жойғыш ұшақтар мен оған қосымша қаруларды құрастыруды көздеп отыр. Әскери ұшақтарды сынақтан өткізу 2025 жылға жоспарланған. Ал осы ұшақтарды қамтитын жаңа әуе жүйесі 2040 жылға таман жүзеге асырылатын болады. Айта кетейік, әскери әуе жүйесін құру туралы алғаш рет 2017 жылы Франция президенті Эммануэль Макрон мен Германия канцлері Ангела Меркельдің кездесуі барысында жарияланған еді.

• Түркияның Ыстамбұл қаласында алты қабатты үй құлап, кем дегенде 15-20 адам қирандылар астында қалды. Бір адамның мерт болғаны жөнінде ақпарат бар. Үйдің не себепті құлағаны әзірге белгісіз. Оқиға орнында құтқару жұмыстары жүріп жатыр. Ресми ақпаратқа сүйенсек, жергілікті әкімшілік 1992 жылы 5 қабаттың құрылысына рұқсат берген. Тағы 3 қабаты кейінірек тіркеусіз қосылған. 1-қабаттағы текстиль шеберханасы да бейресми жұмыс жасаған. Мамандардың пайымдауынша, қосымша қосылған қабаттар апаттың шығуына себеп болуы мүмкін. Оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалып, көршілес тұрғын үй тұрғындары қауіпсіз аймаққа көшірілді.

• Аргентиналық археологтар динозаврдың жаңа түрін анықтады. Бұл жануардың кейбір сүйектері алғаш рет 2013 жылы Патагонияда табылған. Сол кезден бері ғалымдар оны жіті зерттеп келеді. Ал атқарылған жұмыстарының нәтижесін енді ұсынып отыр. Белгілі болғандай, бұл динозаврлардың мойын бөлігінде өткір, ұзын қалқаншалары болған. Шөпқоректі жануардың сыртқы қабығы да күрделі. Қазір оның қолдан жасалынған қаңқасы Буэнос-Айрестегі ғылыми-мәдени орталығында тұр.

• Египетте 50 мумия жерленген мазар табылды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат BBC-ге сілтеме жасап. Тоғыз метр тереңдегі мола Египеттің Минья провинциясындағы Туна әл-Фәбәл ауданында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған. 50 мумияның 12-сі бала. Олар төрт қабірге бөліп жатқызылған. Мумиялардың кейбірі матамен оралған, кейбіреулері тас табыттарда жатыр. Қазба жұмыстары кезінде жерлеуге қолданылған бетперделер мен саздан жасалған ежелгі бұйымдар да табылды. Археологтардың айтуынша, мола Египет тарихының грек-рим кезеңіне (б.з.б. 330-305 жж.) тән.

24.kz

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

«АШКӨЗ» ШЕНЕУНІКТЕРДІ ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУГЕ...



Алик ШПЕКБАЕВ.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Алик Шпекбаев «Ашкөз әрі сараң» шенеуніктер туралы сөз қозғады. «Заңсыз жолмен «тойынған» ашкөз шенеуніктерді тәртіпке келтіруге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюросы мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ғана белсенді айла-күші жетеді. Аталған мәселені бұдан былай қатаң түрде қадағалайтын боламыз», – деді агенттік басшысы. Сондай-ақ, Алик Шпекбаев республикадағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар көрсеткіші төмендеп келе жатқандығын атап өтті.

Оның сөзіне сүйенсек, 2016 жылмен салыстырғанда қылмыстық іс әлдеқайда азайған. Ресми деректерде 2018 жылы сыбайлас жемқорлық жасаған 1 290 адамның ісі өшкереленген. Оның 25-і республикалық, 91-і облыстық, ал 142-сі қалалық және аудандық деңгейдегі басшы қызметіндегі қызметкерлер. «Төрт ұйымдасқан қылмыстық топ қызметінің жолын кесіліп, 288 лауазымды тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту арқылы жүйелі сыбайлас жемқорлықтың 87 фактісі анықталды. Нәтижесінде, мемлекетке келтірілген 21 миллиард теңге шығынның 89 пайызы қайтарылды», – деді Алик Шпекбаев.

Д.ӘМІР

КОРРУПЦИЯ – ЗЛО БЕЗ ГРАНИЦ



На современном этапе, коррупция представляет особую опасность для общества и государства. Что мы знаем о коррупции? Как давно существует коррупция? И как с ней бороться? Эти и другие вопросы были обсуждены в ходе дискуссии «Коррупция – зло без границ». Это мероприятие было проведено библиотекарями Калиновской Л.Ю. и Баймолдановой Е.К. в библиотеке КГУ «Городская библиотека акимата г.Текели» филиала №2.

Многие сравнивают коррупцию с болезнью. У каждой болезни есть свои причины, которые нужно лечить. Поэтому во время дискуссии обсуждались причины коррупции, её виды и механизмы, а также методы борьбы с этим социальным злом. Читателям были предложены жизненные ситуации с примерами коррупции, из которых они должны были сделать выводы. Все вместе пришли к мнению, что коррупция – это улица с двусторонним движением. Если есть те, кто берет, то обязательно есть те, кто дает. Бороться необходимо на всех направлениях. Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией. Борьба с коррупцией – дело каждого!

Соб.КОРР.

30 ЯНВАРЯ 2019 ГОДА НА ТЕРРИТОРИИ КЕРБУЛАКСКОГО И АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНОВ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ НАБЛЮДАЛСЯ ШКВАЛЬНЫЙ ВЕТЕР. 29 ЯНВАРЯ ДЕПАРТАМЕНТОМ ПО ЧС АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ БЫЛО ПРОИЗВЕДЕНО ОПОВЕЩЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ ОБЛАСТИ ОБ ОБЪЯВЛЕНИИ ШТОРМОВОГО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПО СРЕДСТВАМ СМС РАССЫЛКИ И СМИ О ТОМ, ЧТО НАДВИГАЕТСЯ СИЛЬНЫЙ ВЕТЕР.

Но несмотря на объявленное штормовое предупреждение, некоторые граждане всё-таки, решили выехать в дальнюю дорогу, и попали в снежный капкан.

Так, утром 30 января по автодороге «Сарыозек-Коктал» на 16 - 20 километрах в снежном заносе застряли 48 легковых и 8 грузовых автомашин, в салонах которых находилось 110 человек. Общими усилиями сотрудников ТОО «Казахавтдор», ДЧС Алматинской области и местных исполнительных органов все 56 автомашин благополучно эвакуированы из снежных заносов.

Аналогичная ситуация произошла также рано утром в Алакольском районе, где на 605 км. автодороги «Алматы-Оскемен» сотрудниками ДЧС была оказана помощь гражданам, застрявшим в снежном заносе. На автодороге «Ушарал-Достык» также зарегистрировано несколько случаев попадания людей в снежный занос, хотя данная автодорога объявлена закрытой с 29 января, в связи с погодными условиями.

Для водителей автотранспортных средств, а также пассажиров, оказавшихся в автомобилях, наступившие морозы – самое опасное время. Техника и оборудование в таких условиях ведут себя непредсказуемо. Порой автомобили останавливаются на трассах, вдали от населённых пунктов.

Собираясь в дорогу в зимнее время, тщательно планируйте и продумывайте все до деталей. В аварийной ситуации каждая мелочь важна!

В каждом автомобиле в обязательном порядке должны быть вещи, которые спасут жизнь в экстренной



СНЕЖНАЯ ЛОВУШКА

ситуации – паяльные лампы, тросы, цепи для колёс, лопаты, а также предметы первой необходимости.

Во время сильных морозов или снегопада необходимо группироваться по несколько автомобилей, тогда, в случае поломки, на помощь смогут прийти другие водители из колонны. Если вы все-таки оказались в пути во время бурана или сильного мороза, если у вас заглохла машина вдали от населенного пункта или в незнакомой для вас местности, лучше оставаться в машине, ждать, пока по дороге проедет другой автомобиль или вызвать помощь по мобильному телефону на номер «112».

«112» – единый номер службы спасения, доступный во всех регионах страны, для его набора не требуется сим-карта и баланс на номере.

Департамент по ЧС Алматинской области убедительно рекомендует гражданам следить за измене-

ниями погоды, метеорологическими сводками, не выезжать при ухудшении погодных условий и введении ограничений движения автотранспорта на автодорогах.

Общая протяженность автомобильных дорог Алматинской области составляет 9472 км. из них республиканского значения – 2529 км., областного и районного значения – 6953 км. На территории области определены 9 наиболее опасных и снегозаносящих участков дорог, такие как Алматы-Кокпек-Чунджа-Коктал, Кокпек-Кеген-Тюп, объезд Кегенского перевала, Алматы-Оскемен, Ушарал-Достык, Аксай-Чунджа-Кольжа, Сарыозек-Коктал, Кеген-Нарынкол, Жаланаш-Саты с подъездом к оз. Кольсай.

Пресс-служба ДЧС
Алматинской области.

РАЗЪЯСНЯЛИ САМЫЕ ПОСЛЕДНИЕ НОВШЕСТВА

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, в Талдыкоргане в Палате предпринимателей состоялась ежегодная бесплатная конференция «О налогах простым языком: НАЛОГИ 2019», организованная Республиканским центром помощи предпринимателям при поддержке НПП «Атамекен». Мероприятие направлено на повышение информированности субъектов предпринимательства о нововведениях в сфере налогообложения. Конференция собрала свыше 120 предпринимателей и бухгалтеров областного центра и районов.

В работе конференции также приняли участие директор Палаты предпринимателей Алматинской области Нариман Абиляшаиков, директор Республиканского центра помощи предпринимателям Дмитрий Казанцев, эксперт департамента торговли НПП «Атамекен» Галымжан Дуанбеков.

В своей приветственной речи Нариман Абиляшаиков поблагодарил Республиканский центр помощи предпринимателям за организацию конференции и предложил проводить совместные семинары

в густонаселенных районах Алматинской области.

«Аналогичные семинары очень важны для предпринимателей и бухгалтеров районов вблизи города Алматы. Постоянное повышение информированности о новшествах в законодательстве, повышение квалификации бухгалтеров, оказание правовой помощи – одна из ключевых задач для нас. Сегодня также собрались члены Клуба бухгалтеров, количество которых насчитывает 220 специалистов», - отметил глава областной Палаты Нариман Абиляшаиков.



Ведущий конференции Дмитрий Казанцев в течение пяти часов подробно и «простым языком» объяснил такие темы как, режимы налогообложения, порядок уплаты налогов, проведение налоговых проверок, использование кассовых аппаратов, а также вопросы труда.

«Среди основных нововведений это – внедрение онлайн кассовых аппаратов. Я считаю, что это большой шаг Казахстана в сторону цифровизации. Про единый совокупный платеж многие думают, что это налог на безработных. На самом деле это не так. Это, по сути, легализация

малого бизнеса, которые оказывают услуги физическим лицам. То есть, им нет необходимости открывать ИП, сдавать отчеты. Будет только налог, который для областных центров составляет 1 МРП, для населенных пунктов половина этой суммы», - рассказал Дмитрий Казанцев.

По мнению спикера, все изменения в законодательстве позитивно влияют на деловой климат. «Для тех, кто работает и работал в «чистую» все эти изменения идут в плюс, и в действительности улучшает бизнес-среду. Кто работает в «черную», не до конца показывает свои обороты, для них эти нововведения являются проблемой. Возьмем электронную торговлю. Государство создает возможности. Если вы занимаетесь легально, официально, то никаких налогов вам платить не нужно», - сказал он.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

СОСТОЯЛИСЬ ОТЧЕТНЫЕ ВСТРЕЧИ



Создавать новые возможности для развития и поддержки местных предпринимателей остается в приоритете для новых районов. Не так давно в апреле прошлого года президент РК подписал указ об образовании Кегенского и Райымбекского районов путем разделения Райымбекского района.

Открывая мероприятие Римма Салыкова призвала местных властей всесторонне под-

ПО СООБЩЕНИЯМ ПРЕСС-СЛУЖБЫ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ, В РАЙЫМБЕКСКОМ И КЕГЕНСКОМ РАЙОНАХ ПРОШЛА ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА ДИРЕКТОРОВ ФИЛИАЛОВ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПЕРЕД БИЗНЕС-СОБЩЕСТВОМ. В ЕЖЕГОДНОЙ ВСТРЕЧЕ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ РЕГИОНАЛЬНОГО СОВЕТА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, РУКОВОДИТЕЛЬ СОВЕТА ДЕЛОВЫХ ЖЕНЩИН АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РИММА САЛЫКОВА, ДИРЕКТОР ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ НАРИМАН АБИЛЯШАИКОВ, АКИМЫ РАЙОНОВ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ. ТАКЖЕ НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ ОБСУЖДАЛИСЬ ВОПРОСЫ ИСПОЛНЕНИЯ ОСНОВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СОВЕТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И ПЛАН СОВМЕСТНОЙ РАБОТЫ БИЗНЕСА И ВЛАСТИ НА 2019 ГОД.

держивать предпринимателей и идти с ними на диалог.

«Учитывая отдаленность региона местные власти должны создавать реальные условия для бизнес-среды, тогда будет возможность открывать новые объекты, придут зарубежные инвесторы. Дальнейшее процветание районов будет зависеть от бизнес-климата», - подчеркнула глава регсовета.

Далее предприниматели приняли отчет о

проделанной работе директора филиала Райымбекского района Дастана Ретаева и директора филиала Кегенского района Жанны Кыргызылы и озвучили проблемные вопросы, а также предложения.

Предпринимателей волновали вопросы доступности дешевых кредитов, выделения субсидий в сфере растениеводства, в том числе для выращивания пшеницы.

Как отметили сами предприниматели, хорошим подспорьем стал проект «Бастау», бла-

годаря которому сельчане повысили знания по основам бизнеса и получили путевку в мир бизнеса. В прошлом году обучением охвачен 131 житель двух районов. Из них 37 слушателей получили льготный кредит.

Далее глава областной палаты Нариман Абиляшаиков озвучил о старте республиканского опроса среди предпринимателей и представил обновленный портал Atameken Services, который открывает и предоставляет более 60 востребованных услуг.

В ходе встреч в Райымбекском и Кегенском районах путем открытого голосования были избраны члены и председатель Совета предпринимателей. Надо отметить, что в 2018 году истекли сроки членов районных (городских) советов предпринимателей, в связи с чем, с начала 2019 года членами Регионального совета начата работа по избранию предпринимателей в состав районных (городских) советов.

Так, в Райымбекском районе председателем Совета предпринимателей был переизбран директор крестьянского хозяйства «Оркен» Талгат Нусипжаев. В Кегене председателем Совета предпринимателей и руководителем Совета деловых женщин избрана директор ИП «Жанбабаева» Шолпан Жанбабаева. В составы Совета вошли предприниматели со всех сельских округов.

Ш. ХАМИТОВ.

Былтыр мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өз жолдауындағы «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау жайындағы ұсынысы ұстаздар қауымын қуантқаны анық. Дегенмен, көп уақыт өтпей-ақ оқушылар арасындағы төбелес, шәкіртке қол көтеру, ата-ананың мұғалімді сотқа сүйреуі сынды оқиғалар жиілеп кетті бүгінде. Ел арасында үлкен мәселеге айналған бұл жағдайға министрлік те дабыл қағуда. Министрліктің дабыл қағатындай-ақ бар. Соңғы кездері жасөспірімдер арасында орын алған әлімжеттік әлеуметтік желілер арқылы жиі таратыла бастады. Түркістан қаласында қатарластарына әлімжеттік жасаған оқушылардың әрекеті әлеуметтік желіде тарап, жұртты дүрліктірген оқиғаның «ыстығы» басылмай жатып-ақ Қызылорда қаласында мектеп дәретханасында болған оқушылар арасындағы бейнетаспаға түсірілген оқиға жария болды. Кейін олардың есімдері анықталып, балалар 5 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылуы мүмкін екендігі хабарланды. Ақтөбе облысында да оқушылар арасындағы төбелес жиілеген. Шалқар қаласында жасөспірімдер мұз айдынында сөзге келісіп қалғаннан кейінгі оқиғадан соң, олардың бірі ауруханада көз жұмды. Оған дейін дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта болған төбелестен кейін бір оқушы пышақ жарақатын алған-ды. Алматы облысы Панфилов ауданында ұстазы шәкіртін соққының астына алды. Қарағанды облысында пиццерияда орын бермегені үшін құрдастарын соққыға жыққан бірнеше жасөспірімнің есімі анықталды. Бүгінде әлеуметтік желілер арқылы мәлім болған мұндай оқиғалар жұртты алаңдатуда. Осы мәселенің бір жағында мұғалім

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҰСТАЗДАР МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАР АЛДЫНДА, ҚАЗАҚТЫҢ ХАС БАТЫРЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ: «ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚҰРМЕТ. СЕБЕБІ, ҰРПАҚТЫ ҰСТАЗ ТӘРБИЕЛЕЙДІ. БОЛАШАҚТЫҢ БАСШЫСЫНДА, ДАНАСЫНДА, ҒАЛЫМЫНДА, ЕҢБЕКҚОР ЕГІНШІСІНДЕ, КЕНШІСІНДЕ ҰСТАЗ ӨСІРЕДІ. ӨМІРГЕ ҰРПАҚ БЕРГЕН АНАЛАРДЫ ҚАНДАЙ АРДАҚТАСАҚ, СОЛ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ҰСТАЗДАРДЫ ДА СОНДАЙ АРДАҚТАУҒА МІНДЕТТІМІЗ», – ДЕГЕН СӨЗІ ЕСКЕ ТҮСЕДІ. ҰСТАЗДЫҢ ҚАДІРІ, МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ: «АЛТЫ АЛАШТЫҢ БАСЫ ҚОСЫЛСА ТӨРДЕГІ ОРЫН МҰҒАЛІМДІКІ» – ДЕУІ ТЕГІН БОЛМАСА КЕРЕК. ҚАЙ ЗАМАНДА ДА АДАМДЫ АДАМ ЕТЕТІН ҮШ МАМАНДЫҚТЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ АДАМЗАТ БАЛАСЫ АСА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАП, ҚАДІР ТҮТҚАН. СОНЫҢ БІРІ – МҰҒАЛІМ. АЛ, ҚАЗІРГІ ТАҢДА ПЕДАГОГТЫҢ МӘРТЕБЕСІ ҚАНДАЙ? ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫМЫЗДЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ АРДАҚТАЙ АЛЫП ЖҮРМІЗ?

МӘРТЕБЕСІ ТӨМЕН



МҰҒАЛІМ

қағып өту, түрлі бейне жазбаға түсіру, қорқытып-үркіту, тілдеу. Қазір барлығы мүмкін. Мұғалімді қорғайтын заң жоқ. Осыны көргеннен кейін жастар мұғалім болудан қашады. Жалақы төмен, жастар келмейді. Алдымен, әлеуметтік жағдайлары дұрысталуы керек. Білікті маман ғана балаға білім, тәрбие беруі шарт. Мұғалім өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Қазір ғаламтор дамыған заманда кей оқушының білімі мұғалімнен артып тұратындары да кездеседі. Дәрігерлер адамның денсаулығына жауап беруі үшін 5 жыл сайын білімдерін жетілдіреді ғой, ұстаз болашақ ұрпақтың, қоғамның тәрбиесіне жауапты. Кәсіби біліктіліктерін 5 жыл сайын жетілдіріп отырса, оған жағдай жасалса деген тілек бар», – дейді Алматы қаласы, №142 мектептің ұстазы Гүлшат Қоңыртаева.

Ұстаздар кәсіби мерекесі қарсаңында алдағы жылы «Педагогтардың мәртебесі» туралы заң қабылданатынынан хабардар болды. Бұл мұғалімдерді

ғана емес, білім беру саласының тыныс-тіршілігіне бейжай қарай алмайтындарды бір серпілтіп тастады. Себебі, қоғам болып көтерген мәселенің билік тарапынан еленіп, ескерілуі сирек

2018 оқу жылында облысымызда 406 жас мұғалім көтерме сыйақы алған. Ал, «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен 2263 ұстаз баспанаға несие алған.

деген халық екенімізді ұмыта бастадық. Енді, сол олқылықтың орны толатын сәт туса игі.

Солай болғанымен де, бүгінде қазақстандық ұстаздардың білім саласындағы шенеуніктерден басқа, ата-аналар мен өздері білім нәрімен сусындатып, тәрбие беріп жүрген оқушылары тарапынан көріп жүрген қысымдары аз емес. Ұстаздарды балағаттау, тіпті қол жұмсау, балаларының тәрбиесіздігіне кінәлау, тағы сол

жоқ, өйткені диктофон, фото-аппарат, мобильді телефон қолдану арқылы оқушылар мұғалімдерінің беделін түсіруде.

Мұғалім мәртебесіне орай қозғалған ой-пікірімізді жинақтасақ, өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін мамандарға әлемдегі өркениетті елдер аса құрметпен қарайды. Алдымен жағдай туғызады, содан соң сапалы білім мен саналы тәрбиені талап етеді. Өкінішке қарай, елімізде мұғалімдерге талап қою мен міндеттер жүктеу тым ұшқары. Тәуелсіз еліміздегі бүгінгі мектептің басты міндеті – оқушыны оқуға, ойлануға, болашақ тағдырын жете танып, білуге үйрету. Ел Үкіметі мұғалімдердің әлеуметтік-материалдық мәртебесін көтеруге шынайы қамқорлық көрсете отырып, жоғарыдағы міндеттерді орындауды әрбір мұғалімнен тегеурінді түрде талап етсе, еліміздің болашағына сеніммен қарауға толық негіз бар.

Мәселен қаладағы мұғалімдердің жалақысы орташа есеппен 80 мың теңге деп алсақ (бұл 25 жылдық еңбек өтілі бар категория бойынша), олардың алатын сомасы 135 мың теңгеге дейін өседі. Ал 15 және 3 жылдық еңбек өтілі категориясы бойынша 70 мың теңгеден 120 мың теңгеге, 56 мың теңгеден 95 мың теңгеге дейін өседі. Бұл қала бойынша. Ал ауылдық мектептер үшін 10-15 мың теңгеге көп. Ал Грузия еліндегі ұстаздардың орташа жалақысы 340 АҚШ долларын құрайды. Ал еңбек өтілі жоғары ұстаздар 500 АҚШ долларына дейін айлық алады. Дәрігерлері 5 мыңнан 15 мың АҚШ доллар арасында айлық алады. Германияның білім саласындағы мұғалімдерге беретін орташа жалақысы 3 607 евро немесе 1 446 407 теңге. Айына табатын табыс 1,5 миллион теңгеге жуықтайды. Қытай елінде ұстазға қарсы шығу

Ата-аналардың балаларына деген (құқықбұзушылығына) жауапкершілігін күшейту; білімгерлердің және тәрбиеленушілердің ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне педагогтың кәсіби міндетіне кіретін мәселелерге себепсіз араласуға тыйым салынады.

түгілі, артық сөз айтсаңыз жауап бересіз. Олардың құқы заңмен қорғалады. Жалақылары да – 1000 АҚШ доллары. Ал, бізден экономикасы әлдеқайда төмен Моңғолия мемлекетінің өзінде ең көп жалақы мұғалімдер мен дәрігерлерде. Мұғалімдер 700000-800000 түгірік (120 мың теңге), дәрігерлер миллион түгірікке дейін алады. Зейнетке шығатын жастары да 55 жас.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: жалпы білім беру саласынан қаржы үнемдеу болашақты ұрлаумен тең екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Г. БЕКСАУЫТҚЫЗЫ.



тұрса, екінші қырында ата-ана тұр. Сабақ уақытында болған жағдайға тағы да мұғалімдерді кінәлайды. Сонда мұғалімде қандай мәртебе болмақ? Өздерінің міндеттері мен қазіргі беделдері туралы ұстаздардың өзінен сұрағанды жөн көрдік.

«Мұғалімнің беделі қоғам алдында төмендеп кетті. Ұстаздың қадірі аз. Иығымен



Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. Қайырымды жандарды «алтын жүректі адамға» теңейтіні де содан болар.

Мұқтаж жандарға қол ұшын беру – дін тілімен айтқанда үлкен сауап, пендешілік тілмен айтқанда жұртшылықты ризашылыққа бөлейтін өте жақсы іс. Бұл туралы ата-бабаларымыз «Жанашырлыққа жан риза», «Садақа – береке кілті» деп, қамқорлық көрсетуді парыз санап, игі іске шақырған тәмсілдері көп.

Қазіргі уақытта жақсылық жасау, қайырлы іс, көмекке зәру жандар туралы тақырып жиі қозғалып, жақсылық-жаманды пікірлер талқыланып жатады.

Адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып жүрген жақсы жандар туралы да жиі айтылады.

Сонымен қатар, миллионер, тіпті миллиардерлер тойларына пәлен миллион доллар жұмсады дейтін жазбалар қаптап кетті. Соған орай «Ау, сонша ақшаны желге шашқанша, үйсі-күйсіз қиындық көріп жүргендерге баспана алып берсе, қанша сауап алар еді, одан қалды елдің алғысын алар еді» деген қараша қауымның назы да бар. Әрине дұрыс. Бірақ бұл пікірді екінші қырынан алып қарасақ, көмек күтіп дәнiккендер қатары да жетіп артылады. Ақша билеген қазіргі заманда «адам адамға дос, бауыр» деген қағидат кейін шегініп, әр пенде қарақан басы үшін ештеңеден тайынбайтын, ар-ұятты жиып қойып, ақша қуатын болып барады.

Осыдан-ақ, қайырымдылықтың негізгі мән-мағынасы мен қамқорлық жасаудың мәдениеті, шынайылығы үлкен тақырып екені көрінеді.

Қамқорлықты дұрыс жасаудың жолы жөнінде «Қымбатшылық дендеген, жұмыссыздар қаптаған, халық тұрмысы төмендеген бүгінгі уақытта материалдық, қаржылай көмекті қажет ететіндер де аз емес. Сондықтан ақшалы азаматтардың әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға көмек қолын созғаны туралы көп айтылатын болды. Осыған қалай қарайсыз? Яғни, істеген қамқорлығын сүйіншілеген, әлде жасырып жасаған дұрыс па?

Сонда кімге қайырымдылық жасау керек? Оны қандай жолмен жүзеге асырған жөн?» деген сауалдарды оқырманға көлденең тарттық.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЖАРНАМАСЫЗ БОЛСЫН



Маралтай Райымбекұлы, ақын:

Ислам дінінде «Оң қолыңның бергенін сол қолың білмесін» – дейді.

Қайырымдылықпен айналысқан керемет, алайда оны жасырып жасағандар одан да ғажап!

Көріп-кәсір, жетім-жесірге жасаған қайырымдылықтың сауабы мол деп айтады. Оны жүзеге асыру әркімнің пайым-парасатына байланысты.



Ғазиза Құдайберген, Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі:

Қаржылай көмек көрсету – ол да бір жақсылықтың

түрі. Ал жақсылық үлкен-кіші болып бөлінбейді. Негізі мүмкіндігінен айырылған, денсаулығы жоқ адамдарға көмектесіп тұрған дұрыс.

Ақпарат үшін болмаса өзі қайырымдылық жасап, өзі сүйіншілеген дұрыс емес. Меніңше, басқалар осы ісімнен үлгі алсын деген мақсат болмаса жариялаудың қажеті жоқ.

Әр басқан ізімізден қайырымдылық есіп тұруы керек. Қайырымдылықсыз дүние қараңғы болатын секілді. Жақсылық деген жұғысты ғой. Осы тұрғыдан алып қарағанда айтылу керек те секілді.

Өз басым қайырымдылық қоры дегендерге сене бермеймін. Тікелей үкіметтік органдар арқылы көмекті қажет ететін жандарға қолұшын созған жөн. Яғни, көмектің тікелей болғаны дұрыс.

«Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды» (әл-Фараби). Ал жас емен ағашын күтіп баптаған сайын түзу өсетіні секілді, ізгілікті жанына серік еткен ел, баласына жақсы амал жасауды жастайынан үйреткен ел қайырымды ұрпақ өсіреді.

Ізгілікті жанына серік еткен ел тұрғындарының ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы халық тұрмысы түзелсе, қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы ел алға қадам басады.



Арман Әубәкір, «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің директоры:

Қаржылы адамдардың қарапайым адамдарға

көмектесуіне бір мотивация қажет. Олардың жасаған жақсылығына орай жылы сөз естігісі келуі мүмкін. Немесе оның екінші бір қыры – өзге де азаматтарға ой салады. Бізде қазақта бәсекелестік бар. Мысалы біреу 100 доллар берсе, екіншісі 200 доллар бергісі келеді. Бірінен-бірі асып түскісі келетін жағдайлар бар. Сол тұрғыдан алғанда жарнамалауда тұрған сөгеттік жоқ деп ойлаймын. Ол қайта жақсы әсер етуі мүмкін.

*Өркенім өссің десең,
Кекшіл болма.
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға.
Қиын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба.*

Қаз дауысты Қазыбек би.

Қайырымдылық жұмыстары қалай жасалынып жатыр, сапалық деңгейі қандай деген бөлек мәселе. Шын мәнінде көзбояушылықпен көмек көрсеткен сыңай танытып, бір адамға көмектесіп мың адамға көмектескен секілді түр жасайтын алдамшылық әрекеттерге барып жүргендер болса, ол әрине ұят жағдай.

Және қайырымдылық жасаған кезде де сауатты түрде жасау керек. Білместікпен ұры-қарының есепшотына ақша аударып, жақсылық жасап

жатырмын деп ойлап, ұры-қарыны қаржыландырып отырғанын білмей қалады.

Сондықтан ерінбей зерттеп, көріп, біліп, жағдайымен танысып, көпбалалы отбасыларға, жұмыс істеуге денсаулығы жарамайтын жандарға көмектескен дұрыс болар еді. Кейбір жалқау адамдардың барлық мүшесі сау болса да, жұмыс істеуге ынта-жігері жоқ. Қанша көмектессең де таз қалпына қайтадан түседі.

Сонымен бірге 25-30-дағы жігіттердің қайыр сұрап тұрғанын көргенде ұяласың. Бұл – ұсақталу деңгейінің бір көрінісі.

Қорыта келгенде айтарым: халық та ақ пен қараны ажыратып, көзге көрініп тұрған игі істерді көрсетіп, көтермелеуі керек.



Жанар Дыбысова, қала тұрғыны:

Бұл, менің ойымша, дұрыс емес. Істеген жақсылықтарыңды бәріне жария етіп

мақтансаң, олардың сауабы қалмайды. Қайырымдылық жасадың ба, болды, бітті. Ол туралы сүйінші сұрап, сөз қозғама. Тек өзгелерді қайырымдылық жасауға шақыр.

ТҮЙІН:

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без» дегендей, көмекке мұқтаж жандарға қолұшын созу арқылы мейірімділіктің маңызы артады. Қайырымды болу үшін үлкен жүрек керек. «Жақсылыққа – қайырымдылықпен, мейірімділікке – ізгілікпен, достыққа – адалдықпен жауап беру керек» деп бекер айтпаса керек.

Алайда қайырымдылық деген ізгі қасиетті пиарға, бизнеске, саудаға айналдырып отырып, сауап жинаймын деу өте қате пікір. Сондай-ақ, қайырымдылық жасау мерекелерде ғана еске түсетін «маусымдық сипаттағы іс» болмағаны жөн. Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйіні: «Оң қолың бергенін сол қолың білмесін».

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

Будьте милосердны к матери-природе!

Лесные насаждения, в том числе и горные леса, в нашем крае имеют большое значение. Они выполняют многие защитные и социальные функции: защищают почву, влияют на образование климата, очищают воздух, дают пищу всему живому.

Леса нашего края богаты и разнообразны. У нас произрастают ель, сосна, береза, клен, черемуха, тополь, боярышник, рябина, многие редкие лекарственные травы и ягоды. Это богатство, дарованное нам природой, оно требует особой защиты и внимания от нас. Лес нужно беречь и охранять, ведь он источник чистого воздуха, это и живая картина, краше любой фантастической сказки. Поэтому, выезжая отдыхать на лоно этой живописной картины, будьте осторожны с огнем! Соблюдайте правила пожарной безопасности: разводите костры только в строго отведенных местах, при уходе, костры затушите до полного прекращения тления. Природа не прощает ошибок и оплошностей. Каждая наша ошибка отдается больно на живой природе. Давайте будем милосердны к матери – природе и к себе.

Главный специалист
Алматинского областного
управления лесного
хозяйства и террито-
риальной инспекции
животного мира
К. Баймендиев



ОХРАНА ПРИРОДЫ НА ТЕРРИТОРИИ ЛЕПСИНСКОГО ФИЛИАЛА

За последние столетия в результате интенсивной хозяйственной деятельности многие естественные ландшафты оказались разрушены. Мелеют и загрязняются реки и озера, сокращается площадь «зеленых легких» планеты – лесов, плодородные земли превращаются в безжизненные рукотворные пустыни, оскудевают казавшиеся неисчерпаемыми богатства океана. Десятки видов животных и растений уже исчезли с лица Земли, сотни их видов находятся на грани уничтожения. Происходящее разрушение природы отражается и на жизни людей, грозит человечеству голодом, болезнями, неисчислимыми бедствиями. Чтобы спасти природу, в наши дни нужна продуманная и хорошо организованная система мер по ее сохранению.

РГУ «Жонгар – Алатауский» государственный национальный природный парк образовался 30 апреля 2010 года. Основная идея создания национальных парков – сохранение уникальных уголков дикой природы при обеспечении для людей возможности доступа к ним.

Для сохранения уникального ландшафтного и биологического разнообразия Национального парка необходим постоянный мониторинг за состоянием природных комплексов и экосистемы парка.

РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП включает в себя три филиала, один, из которых Лепсинский.

В целях предупреждения и ликвидации вредного воздействия на окружающую среду на особо охраняемых природных территориях проводятся охрана и защита.

21 государственный инспектор, а также инженерный состав национального парка Лепсинского филиала проводят охрану природы, ведут наблюдения за климатическими факто-

рами, популяцией копытных животных и птиц, состоянием растительного покрова, продуктивностью пастбищ, оценивают воздействие человеческой деятельности на флору и фауну, проводят противопожарные мероприятия и т.д.

Защита включает:

- предупреждение и ликвидацию вредного воздействия вод;

- защиту растений, своевременное выявление очагов вредителей и болезней леса и борьбу с ними, санитарные и прочие рубки леса;

- обеспечение санитарно - эпидемиологического благополучия населения и ветеринарного мониторинга, численности животных в целях предупреждения эпидемий и эпизоотии.

Защищать и охранять природные комплексы должны не только люди, связанные с работой в национальном парке, этим должен заниматься каждый человек. Природа - мать для всего живого на земле. Уничтожая природу, человек уничтожает себя.

Охрана природы – важнейшая цель, которая в настоящее время объединяет целый комплекс задач, включая экологическую безопасность, изучение климата и водных ресурсов, «зеленых» технологий.

«Мы стремимся к тому, чтобы экология во всем мире была признана как полноценная, необходимая для развития каждого человека наука. Эта наука не только о природе, а в первую очередь – о нашей жизни».

Природа – это одно из ключевых богатств человечества. Ее надо беречь, и своими руками ограждать от различного рода вмешательств, загрязнений, негативных техногенных воздействий.

САМИГУЛОВ Р. С.

Лесничий Лепсинского ИУ Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ЭКОНОМИКЕ ПРОДУКТОВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ ЭТО БУДУЩЕЕ РАЗВИТИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ

Сегодня на мировом рынке рядом с такими ценностями, как деньги, ценные бумаги и золото, стоит мысль человека – конечный результат интеллекта. Владелец такой ценности несет большой риск потери, ведь из покон веков все, что носило ценный характер подвергалось попыткам завладения, и интеллектуальная собственность не исключение. Интеллектуальная собственность принадлежит к числу таких понятий, вокруг которых на протяжении многих веков скрещиваются лучшие умы человечества. Однако, борьбой в теоретическом плане дело не ограничивается. Социальные потрясения, от которых порой содрогается весь мир, одной из главных своих причин имеют, в конечном счете, попытки перетасовать, завладеть умственными продуктами человека, в одних случаях эти попытки приводили к успеху, в других терпели крах. Бывало, что путем внедрения современных инновационных программ созданные интеллектом – человеком, общество действительно перешло на новую, более высокую степень своего экономического и культурного развития.

К объектам права интеллектуальной собственности относятся результаты умственного труда интеллектуальной творческой деятельности, то есть может быть книга или научная работа, картина, фильм, скульптуры, объект картографии, изобретение, дизайн производимой продукции, произведение науки, полезные модели, промышленные образцы, топологии интегральных микросхем, нераскрытая информация или ноу – хау установленной в статье 961 Особой части Гражданского кодекса Республики Казахстан. Кроме того, в качестве интеллектуальной собственности являются средства индивидуализации товаров юридических лиц – товарные знаки и наименования компаний.

В настоящее время в Казахстане с проведением преобразований, направленных на становление рыночной экономики, значительно расширилась сфера имущественных отношений, и особенно, в части перехода прав на интеллектуальную собственность.

Утвержденная Программа индустриально-инновационного развития и задача, поставленная Президентом Казахстана войти в число 50 наиболее конкурентоспособных государств мира, а так же послание Президента к народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» должен дать новый импульс и активизировать отечественных ученых, интеллектуалов, фанатов, гениев, одиночек, талантов, специалистов и просто народ Казахстана. Одновременно следует учитывать, что реализация интеллектуальной собственности в нашем государстве имеет свою специфику, которая отображает общее состояние экономики. В мировом экономическом пространстве Казахстан является развивающейся страной. Поэтому государство для повышения национального интеллектуального потенциала увеличивает расходы на науку, образование, усиливает экономическую поддержку субъектам инновационного предпринимательства. На смену индустриальной фазе развития экономики приходит инновационная «экономика знаний», при которой обладание и грамотное управление пользованием интеллектуальной собственности определяет конкурентоспособность субъектов экономической системы. В Казахстане все большее значение придается экономике знаний, а соответственно и объектам интеллектуальной собственности. Интеллектуальная собственность должна стать центральным звеном для внедрения в Казахстанскую экономику новых инновационных программ и дать формированию новой корпоративной культуры, в первую очередь, в среде высшего менеджмента организации, основанной на признании исключительного права автора на результаты его интеллектуальной деятельности, что вызовет экономическую, научно - техническую активность населения. В следствии развития технологий и введение полной компьютеризации привели к широкому использованию результатов интеллектуальной и творческой деятельности. Казахстанцы должны понять, что интеллектуальный капитал играет ведущую роль в современной экономике.

Ж. МУСАГАЛИЕВ,
Главный специалист Управления
юстиции Алакольского района
член «Казахстанского союза
юристов».

СОБЛЮДЕНИЕ ПРАВИЛ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ УСТРОЙСТВЕ И ЭКСПЛУАТАЦИИ ПЕЧЕЙ НА ТВЕРДОМ ТОПЛИВЕ

Анализ профилактических рейдов в жилых домах показывает, что не все жильцы исправно следят за состоянием своих печей. Только в 2018 году из 1165 пожаров произошедших в жилом секторе, 349 пожаров произошли по причине нарушений правил пожарной безопасности при устройстве и эксплуатации печей, или 29,9 % от всего количества произошедших пожаров в жилом секторе.

Но снова и снова в ежедневные сводки попадают случаи возгораний в частных жилых домах из-за неисправных печей, обогревателей и другого электрооборудования. К сожалению, такие простые, казалось бы, вещи, как не до конца закрытая дверца печи или же еле заметные трещины в ней и в трубе дымоотвода, приводят к непоправимой беде – людской гибели. То через незакрытую дверцу печи выскочил на половицу уголек, приведший к пожару. То от угарного газа человек задохнулся.

Так, с начала отопительного сезона с 15 октября 2018 года на территории Алматинской области получили отравление от угарного газа 9 человек, из них 4 детей. От отравления угарным газом погибло 5 человек, из них 2-е детей.

Отопительный сезон в жилом секторе самый пожароопасный, ведь затопив печь, включив электроприборы, жители частного сектора не задумываются о последствиях возможного возникновения пожара из-за неисправности дымохода, разделки и отступки печи и т.п.

В связи с этим хотелось бы напомнить жителям Алматинской области о некоторых обязательных требованиях норм и правил пожарной безопасности при устройстве печей в жилых домах:

- печь должна быть установлена на кирпичном или каменном основании;
- между деревянными конструкциями здания и нагревающимися частями печи и дымохода устраивается кирпичная разделка толщиной не менее полутора кирпичей;
- перед дверцей печи должен быть установлен металлический предтопочный лист размером не менее 50x70 см;
- нельзя складывать горючие материалы перед топкой, на печи, между печью и стенкой. Стенки дымохода нужно тщательно промазывать глиной и побелить;
- перед началом и в период отопительного сезона проверить исправность печи и дымохода, отремонтировать их, вычистить сажу. При ремонте и перекладке печей и дымоходов необходимо приглашать квалифицированных печников;
- нужно проверять расширительные бачки, нельзя их утеплять ветошью или опилками. Бачок нужно устанавливать на несгораемом основании;

Некоторые жильцы для растопки печи используют керосин или бензин, при разжигании, горючие жидкости мгновенно воспламеняются и вырывается пламя, это может привести к пожарам или ожогам. Только соблюдая эти правила и своевременно проверяя печное оборудование можно устранить опасность возникновения пожаров и отравления угарным газом.


Помните, наказание за беспечность и расплата известна – это здоровье и жизнь людей!

Пресс-служба
ДЧС Алматинской области.



9 АҚПАН – МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

МҰҚАГАЛИ мен ТОҚАШ ақын



ӨТКЕН КҮНДЕР ЕЛЕСІ

*Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер ер тұрғалы.
Біреулер тұрлар еді дер де мүлкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы, – деген мұзбалақ ақын жарық
дүниедегі аз ғұмырының, мәңгілік жалғасатынын сезген секілді.
Арыңды ақынның соңында қалған өтпес жығлары бүгінде оның көзі
тірісінде тықпаған шыңын бағындырып берді десек артық емес.
Керісінше, Мұқағали Мақатаев есімі жыл өткен сайын жарқыран,
нұрлана түсуде.
Бүгінгі ұрпақ күні киген қазақтың қара өлеңін шапан жау-
ып қайтарған ақыны мен оның жырының бағасын біледі. Олай
айтуымызға себеп: ақпан айының тоғызыншы жылдызында ақиық
ақынның ұлықтауға арналған еске алу кештері ұдайы өткізіліп, ел
ішінде кең тараған әндері шырқалып, өлеңдері тебдірене оқылады.
Әрі ақынға арналған толассыз зерттеулер жүргізіліп, естеліктер
мен мақалалар жазылуда. Ақынға арналған жүрекжарды жыр
шумақтарының қатары да көп.
Сондай көңіл көзіндегі ескірімеген естеліктің бірі – Айтақын
Әбдіқалдың «Өткен күндер елесі» атты мақаласын назарларыңызға
ұсынып отырмыз.*



Біз Алматының талай кітап дүкеніне бас сұғып, «Дариға жүректі» таба алмай, ақыры Көк базардың түбіндегі «Түркістан» қонақ үйінің астындағы үлкен кітап дүкеніне келдік. Мұқаң кіре сала сатушы қызға жақындап:
– Қалқам, Мақатаев деген «пиәңкештің» кітабынан не бар сендерде? – деді
Сатушы қазақ қызы екен. Шарт ете қалды:
– Ағай, сіз өйтп біреудің сыртынан қайбар айтпаңыз. Алдымен сол ағамыз ұқсап өлең жазып, кітап шығарып алыңыз! «Пиәңкеш» дейді ғой... Өлеңдерін оқып көріңіз. Ол ма екен «пиәңкеш», жоқ мына сіз бе екен?!
Мұқағали ағам сатушы қыздың мына сөзіне балдай еріп, мұқият тыңдап, оған сүйсіне қарап тұрды да:
– Айналайын! Ауылдан келген баласың ғой, ә? – деп оны ымдап өзіне шақырды. Өлгі ақынның кітабынан бар болса, мына балаға тауып берші, ботам! Бұл да ауылдың баласы. Қарап көрші енді?! – деді қиылып.
– Мақұл, ағама қойған біреуін берейін. Тек жаңағыдай «пиәңкеш» дегеніңізді маған айтпай-ақ қойыңыз, аға, – деді көзі қарақаттай, қос бұрымы мықынына түскен қараторы әдемі қыз.
Мұқаң сатушыны сыбырлап өзіне шақырып маңдайынан иіскеді де:
– Айналайын қоңыр қозыдай болған. Бұрымыңды аналар құсап кесіп тастамашы. Мақұл ма? – деп қыздың маңдайынан иіскеді де, сол Мақатаевың – мына мен болам, қалқам!

– деп нұрланып, қанаттанып, тау қыранындай саңқ ете қалды. Содан соң: «Өтпеген-ай, бағана әлгі Тоқашты ертіп алуымыз керек екен. Көрсө болатын еді сол зәнталақ мына елдің Мақатаев өлеңін қалай құрметтейтінін» деп шақшасынан алақанына салған көкбұйра насыйбайды ернінің астына тастап жіберді. Сөйтп де: «ал бала, тарттық!» – деді саңқ етіп.
Сол дауыс... Сол бір нұрлы елес... Кітап іздеп, Мұқағали ағама ілесіп Алматыда өткен жарты күндей уақыт күні кешегідей есімнен кетпейді. Содан бері қанша жаз, қанша күз, қанша қыс өтті. Жалған өмір-ай! Ол – жоқ. Біз жүрміз сағынып сол бір сәттерді...

МҰҚАҢ ЖӘНЕ КЕҢШІЛІК ақын

Біз білетін Мұқағали Мақатаев қысқа ғұмырында шенділер мен шекпенділерден гөрі өзінің қадірін білетін, талантына бас иетін жастармен жиі араласқанды, поэзия туралы сырласқанды жақсы көретін. Ол, әсіресе, алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап, өмірінің соңына дейін Иранғайып, Кеңшілік, Жарасқан, Дәуітәлі, Тынышбай секілді көптеген ақын інілерімен жақын жүрді. Жиі араласты да.
Мұқаңды ақын Кеңшілік Мырзабеков екеуіміз Интернациональная 129, 20 пәтеріндегі үйіне жеткізіп қайту үшін бірге келе жатқанбыз. Ол өзінің көптеген жақсы өлеңдер мен поэмалар жазып жүргенін, соның ішінде жастарға арналған «Қос қанатым менің» толғауы барын қуанып, шалқып айтты. Сонда екі бетінің ұшы нартай қызарып алған Кеңшілік ақын:
– Мұқа аға, бір ұсыныс айтсам ұрспайсыз ба?... «Қос қанатым» деген сөздің орысшасы – «насеком» болып қалады ғой. Тақырыбын «Қанаттарым, менің» деп өзгертіңіз деген тайсалмай. Мұқаң оған ерекше риза пейілмен сүйсіне қарап тұрып:
– Келісемін, сары бала! Менің екі қанатым боп демеп келе жатқан осы екеуің – қанаттарым емессіңдер ме?! Мақұл, қанаттарым менің! Сусын ішейікші, – деді.
Үйге келген соң Мұқаң Кеңшілікке бірнеше өлеңін оқып, оны да мұқият тыңдады. Риза пейілмен беріліп отырып тыңдады.
– Мына сары бала – ақын. Өзінде де, поэзиясында да ауылдың иісі аңқып тұрады. Тек болған оқиғаны өлеңмен баяндай беруге әуестенбе. Ақын ретінде өз заманыңа айтарың болсын. Ақынның парызы – сол, – деп бетінен сүйді.
Аз ғұмырында айтары мол көп өлең жазып, ел жүрегінде қалған Кеңшілікке Мұқағали сынды ақиықтың өз шаңырағында сәт сапар тілеп, ақ батасын бергенін кештеу болса да қалың оқырманға айтуды азаматтық парыз санадым.

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын,
Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.

• ОТАБАСЫЛЫҚ САЙЫС

ӘКЕМ, ШЕШЕМ ЖӘНЕ МЕН

Әр бала – ата-анасының етжүрегі десек, ата-ана – әр баланың қорғаны, қорғаушысы әрі мақтанышы. Әр бала өз ата-анасымен мақтанып, оны үнемі үлгі тұтып жүреді. Отбасылық тәрбие жас жеткіншектің өмірінен үлкен орын алып, оны биіктерге жетелейтіні ақиқат. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетіні» анық.

Осы мақсатта «Еркін ауылындағы Есжан Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі балаларға білім берумен қоса бала тәрбиесін алға қойып, ата-ана мен бала арасында татулық пен қарым-қатынасты нығайтуда «Белсенді өмір – жүз жастық ғұмыр!» тақырыбында отбасылық сайыс өткізді. 1-11-сынып арасында ұйымдастырылған денсаулық күнінің салтанатты ашылуында мектеп директоры Гүлбаршын Ахметкәрімқызы барлық жарысқа қатысушы оқушылар мен ата-аналарға сәттілік тіледі. 4-сынып оқушысы Жанғазы Ерасыл сайысқа қатысушылар мен көрермендерге «Қазағым» әнін тарту етті.



1-сынып арасында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Оразғали Елнұрдың ұйымдастыруымен өткен жарысқа сегіз отбасы қатысып, жеңіс тұғырына Тәжібаевтар отбасының «Бүркіт» тобы көтерілсе, Тасболатовтар жанұясының «Жұлдыз» тобы ерекше көзге түсті.

Сонымен қатар 4-сынып арасында Тұрлыбеков Асхат Молдашулының ұйымдастыруымен өткен сайыста жеті отбасы өзара бақтарын сынады. Бұл сайыстың бірінші кезеңінде отбасылар өздерін таныстырумен бастаса, келесі кезең – «Ғажайып алаңында» отбасы жылдамдығы мен ептіліктерін сынады. Барлық кедергілерден сүрінбей өтіп, жарыста көп ұлай жинап бірінші орынды «Барыс» тобы иеленсе, өздерінің тапқырлығымен көзге түскен «Ақсұңқар» отбасын ерекше атауға болады.

Жарыс соңында ата-аналар комитетінің төрайымы З. Нұрышева, мектептің қамқоршылық комитетінің төрайымы Г. Сүлейменова барлық жарысқа қатысушы отбасыларға жақсылық тілеп, бағалы сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапаттады.

Қорыта айтқанда, салауатты өмір сүру – денсаулықтың кепілі. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріңе қажетті нәрсені ала алмайсың. Сондықтан адам баласы ең бірінші спортты алдыға қою керек. Осы мақсатта мектебімізде тоқсан сайын түрлі іс-шаралар өтетін болады.



• ҚЫСҚЫ МАРАФОН

ДЕНІ САУДЫҢ - ЖАНЫ САУ

Мектептерде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері дене шынықтырумен қоса мектеп оқушылары арасында білім беру, сауықтыру, қолданбалы міндеттерін оқып-үйрету, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстану мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіп тұрады. Соның бірі Еркін ауылына қарасты Есжан Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектебінде «Дені саудың – жаны сау» тақырыбында қысқы марафон жарысы ұйымдастырылды. Қыстың көзі қырауда өткізілген марафонның мақсаты – таза ауада серуендей отырып, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау.



Іс-шараның ашылуында мектеп директоры Бейсекенова Гүлбаршын Ахметкәрімқызы салтанатты түрде жарысқа келген жас жеткіншектер мен ауыл тұрғындарын игілікті бастамасымен құттықтады. Спортпен айналысқан адамның дені сау, жасы ұзақ, өмірі көркем болатындығы туралы айтып, барлық қатысушыларға ақ жол тіледі.

Жарыс жас ерекшеліктері бойынша, яғни 16 жастан 70 жас аралығында ұйымдастырылды. Нәтижесінде 16-25 жас аралығындағы сайыста Еркін ауылдық емханасының қызметкері Сағира Насырбекова жүзден жүйрік атанды. 40-50 жас аралығындағы байқауда жеңіс тұғырына «Құралай» балабақшасының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жолды-



ханов Абылай көтерілсе, қыздар арасында Абишева Айнагүл топ жарды. Ал 50-70 жас аралығында ауыл тұрғындарының бірінші орынды Сүлейменов Ботабай иеленсе, қыздар арасында Абдуллаева Раушан биіктен көрінді.

Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, демеушілік көрсеткен Еркін ауылдық округінің әкімі Матаев Қайрат Замантайұлы және «Шымыр» ЖШС директоры Валишанов Руслан Вахаповичке алғыс білдірді. Отбасыларыға амандық, еңбектеріне шығармашылық табыс тілегім келеді.

Ерлан ЕРКИНБЕКОВ,

Есжан Берліқожаұлы атындағы № 11 орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТ

ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында: «Бала шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек» деп атап көрсеткеніндей, салауатты өмір салтын насихаттау бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осыған орай, Алматы облысы білім басқармасы «Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша

білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының» ұйымдастырумен Текелі қаласындағы №5, №3 мектептерінде «Ұлт рухы» тақырыбында қысқы Президенттік тесттің нормативтерін қабылдау бойынша облыстың іс-тәжірибе семинары өтті. Семинарға аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері, дене шынықтыру және жалпы білім беру мектептерінің дене шынықтыру мұғалімдері қатысты.

Бұл игі іс-шараның салтанатты ашылу рәсімінде Алматы облыстық білім басқармасы «Дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығының» өкілі Асхат Абжақов, Текелі қаласы білім бөлімінің аға әдіскері Жанар Рахымбаева және басқалары құттықтау сөз сөйлеп, семинардың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің тестілерін қалалар мен аудандардағы жалпы білім беретін мекемелерде өткізу, Президенттік тест – келешек ұрпақтың оқуға, еңбек қызметіне шынығу, жастардың әскери қызметке дайындығының жалпы деңгейін және бақылау нормативтері арқылы айқындайтын жаттығулардың жиынтығы, оны өткізудің мақсаты балаларды, оқушыларды және ересек тұрғындарды дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, салауатты өмір салтын насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің күштілігін, ептілігін, жылдамдығын және төзімділігін арттыру барысында дені сау, рухы мықты, қайсар ұрпақ тәрбиелеу болып табылатынын тілге тиек етті.

Содан кейін тест тапсыруға жиналған оқушылар пневматикалық винтовкадан атудан, арқада жатып кеудесін көтеруден, тұрған орнынан ұзындыққа секіруден, алдыға қарай енкейуден, биік кермеге тартылудан, шағымен жүгіруден, жүзу 50 метр қашықтыққа жүзуден сынға түсіп, президенттік тесттің нормаларын тапсырды. Бұл іс-шараның талапқа сай өтуіне Текелі қаласындағы орта мектептердің дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдері қор үлес қосты.

Шора БАТЫРБАЕВ.

АЯҚДОП

Қазақстан құрамасының бас бапкері Михал Билек ұлттық құрамаға шақырту алған футболшыларды жариялады. Кеңейтілген тізімде 36 ойыншы бар. Тек «Ростов» командасына ауысқан Бақтияр Зайнутдинов жоқ.



Ұлттық құрамаға шақырту алған футболшылар

Ол жаңа командасымен ресми ойындарға дайындалып жатыр. Чехиялық жаттықтырушы қаңтарда команда тізгінін ұстағаны белгілі. 53 жастағы маман бүгін Астанаға келіп тілшілермен жүздесті. Билек қазақ елінің футболшыларын жаңа биікке шығарсам дейді.

«Қазақстан тарапынан ұсыныс түскенде көп ойланған жоқпын. Мен қайда келе жатқанымды білемін және сәтсіздіктерге тап болам деп қорықпаймын. Түркияда Қазақстан футболшыларының қарымын байқап көремін. Содан кейін алдымызға мақсат қоямыз», – дейді Билек. Баспасөз мәслихатында ұлттық құрамадағы қақпашылар Николай Родионов, Ненад Эричтің ұлттық құрамадан қашып қалғанын мәлімдеп, лайықты ізбасарлар бар екенін атап өтті. Михал Билек бастаған ұлттық құрама Түркияны бетке алды. Қазақстан Еуропа чемпионатына іріктеу турниріне дайындық аясында Молдовамен жолдастық кездесу өткізеді. Ойын 21 ақпанға жоспарланған.

Михал Билек, Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері:

– Келісімшарт бір жылға жасалды. Қазақстанда бұған дейін де болдым. Бір жыл бұрын «Славиямен» Астанаға келдім. Сонымен қатар, Қазақстанда жұмыс істеген Мирослав Беранекпен кездесіп, ақпарат алдым. Қазақстан туралы мәлімет жеткілікті. Ресми іріктеу ойындарына дейін уақыт бар. Алдағы болатын жиында футболшылардың қарымын байқап, жергілікті жаттықтырушылармен сөйлесеміз. Шақырту алған ойыншылардың барлығына да мүмкіндік береміз. Түркиядағы жиыннан кейін біраз сұраққа жауап аламын.

